

26 сәуір,
Сейсенбі,
2022 жыл.

uil-gazet@mail.ru

Газет 1930

жылдың

қараша айынан

бастап шығады.

ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ КОНСТИТУЦИЯҒА ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ЖӨНІНДЕ КЕҢЕС ӨТКІЗДІ



Ақорда резиденциясында Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде кеңес өтті. Жиынға Парламент Сенатының төрағасы Мәулен Әшімбаев, Парламент Мәжілісінің төрағасы Ерлан Қошанов, Мемлекеттік хатшы Ерлан Қарин, Президент Әкімшілігінің Басшысы Мұрат Нұртілеу, Әділет министрі Қанат Мусин және Жұмыс тобының мүшелері қатысты.

Мемлекет басшысы өз сөзінде Жолдауда айтылған саяси бастамаларды жүзеге асыру үшін Ата заңымызға өзгерістер мен толықтырулар енгізу керек екенін айтты.

– Жұмыс тобы қажетті түзетулерді әзірледі. Бұл іске белгілі заңгер ғалымдар, адам құқықтары жөніндегі үкілдер, Парламент және мемлекеттік органдардың өкілдері атсалысты. Конституциялық Сотта, Конституциялық Кеңесте жұмыс істеген ғалымдарымыз бар. Ата заңымыздың жаңа нормаларын езіргенде олардың мол тәжірибесі септігін тигізгені анық. Әсіресе, Конституциялық Сотты құру және оның жұмыс тәртібін реттеу мәселесі туралы ой-тұжырымдар пайдалы болды, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу үшін дайындалған жобаға қоғамды саяси тұрыдан трансформациялау жөнінде берілген барлық ұсынысты ескерудің мәні зор екеніне тоқталды.

– Шын мәнінде, бұл Қазақстанның билік институттарын қалыптастырудың және ықпалдастықтың, жаңа саяси мәдениетті енгізудің мүлде жаңа моделіне көшкенін білдіреді. Нақты өрі толық түсінік болу үшін осы модель мен үдерісті Екінші республика ретінде белгіледім. Жаңа парадигмаға сәйкес Президенттің өкілеттігі қысқарады, Парламент пен мәслихаттардың рөлі айтарлықтай қысқаяды. Азаматтардың қатысуы едәуір артып, құқық қорғау саласы жүйелі түрде нығаяды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы адам құқықтарын қамтамасыз етуге қатысты түзетулердің маңызы зор екенін айтты.

– Азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғау тетігі едәуір күшейеді. Бұл шенеуніктердің өздері қабылдайтын актілердің сапасына деген жауапкершілікті арттырады деп санаймын. Конституциялық деңгейде

Адам құқықтары жөніндегі тәуелсіз үкілдік құзыреттері мен кепілдіктері бекітіледі. Жалпы, әзірленген өзгертулер мен толықтырулар топтамасына Жолдауда айтылған саяси бастамалар мен Конституцияға енгізілуі қажет түзетулерді іске асыруға тиісті нормалар ғана енгізілгенін атап өткен жөн. Басқа да өзекті өзгертулер конституциялық және басқа да заңдар аясында бекітіледі, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік органдардың сылбыр жұмыс істеуіне жол берілмейтінін тағы да еске салып, соңғы үш жылда еліміздегі және өлемдегі жағдайдың түбегейлі өзгергенін айтты.

– Мемлекеттік аппарат кез келген өзекті мәселеге жедел, дер кезінде назар аударуы керек. Сондықтан Жұмыс тобы ұсынған түзетулер Үкіметке ерекше актілерді қабылдауға мүмкіндік береді. Бұл дағдарыс кезінде жедел өрекет етуді қамтамасыз етеді. Осы орайда, Парламенттің қарқынды жұмыс істегені де маңызды. Депутаттар қос палатаның бірлескен отырысында заң жобаларын шұғыл қарауы керек. Жалпы, мен Жұмыс тобы дайындаған барлық өзгерістер мен толықтыруларды мақұлдаймын, – деді Мемлекет басшысы.

ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ӘКІМІ АСҚАР ҚАЙЫРҒАЛИУЛЫ ҚАЗЫБАЕВТЫҢ АУДАН ЖҰРТШЫЛЫҒЫН 1 МАМЫР ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ БІРЛІГІ КҮНІ МЕРЕКЕСІМЕН ҚҰТТЫҚТАУЫ



Құрметті ойылдықтар!

Сіздерді 1 мамыр — Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесімен құттықтаймын!

1 мамыр мерекесі – бүгінгі таңда бейбіт өмір мен ынтымақта тұрмыс кешіп отырған барша отандастарымыз үшін ыстық ықылас пен достық ниеттің, татулық пен тұтастықтың, бірлік пен берекенің мейрамы. Бұл – біріміз үшін Отанға деген сүйіспеншілік пен патриоттық сезімнің, азаматтық борыш пен жалпыұлттық бірліктің мерекесі.

Тәуелсіз мемлекетімізде тұрып жатқан 130-дан астам ұлт өкілдерінің бірлігі мен татулығын, олардың арасындағы жалпыұлттық келісімді ұлықтайтын осы бір шуақты мереке әрбір қазақстандық үшін Отанға деген сүйіспеншілік пен патриоттық сезімнің, азаматтық борыш пен жалпыұлттық келісімнің мерекесі болып есептеледі. Қандай сын сағаттарда да, ел басына күн туған ауыр кезеңдерде де Отандастарымыз барлық ауырталықтары осындай ауызбіршілігі мен бірлігінің арқасында жеңе білді. Біздің негізгі күшіміз бен қуатымыз да бірлікте екендігін бүгінгі күн дәлелдеп беріп отыр.

Әлем елдерінің барлығына қауіп төндірп, дүрбелеңге салған қатерлі індеттің кезеңінде де біздің халқымыз тұтастық пен бірліктің жарқын келбетін көрсетті. «Біз біргеміз» деген ұранды ту еткен қазақстандықтар барлық қиыншылықты тек бірліктің арқасында жеңетіндігін дәлелдей білді.

Құрметті жерлестер!

Сіздерді осы шуақты мерекемен тағы да баршаңызды құттықтай отырып, әр отбасына бақыт пен қуаныш, әрбір азаматқа ырыс пен несібеге тілеймін. Еліміздің өркендеуі мен дамуы жолында бірліктен еңбек етіп, межелі асыларды бағындыра берулеріңізге тілектеспін!

Түрлі халықтың тағдырын тоғыстырған, тұтастығын сақтаған Қазақстан жасай берсін! Тілегіміз – тыныштық пен татулық болсын! Баршаңызға зор табыс тілеймін! Шаңырақтарыңыз шаттыққа, ізгілікті істеріңіз береке мен ырысқа толсын!

Бірлігі бекем ұлттың алар асуы, шығар шыңы биік болатыны сөзсіз. Ендеше уыздай ұйған ортақ Отанымыздың берекесі таси берсін! Тыныштығы сақталып, ынтымағы жарасқан еліміздің еңсесі биік, мерейі үстем болсын! Халықтар достастығы мен ынтымақтастығын көздеген мамыр мерекесі, халықтың тамаша дәстүріне, бейбітшілік пен өзара түсіністіктің символына айналған мерейлі мереке құтты болсын!

Құрметпен, Ойыл ауданының әкімі Асқар Қайырғалиұлы Қазыбаев

Газетіміздің келесі саны

4 мамыр, сәрсенбі күні шығады.

ҚАРАКЕМЕР МЕН АҚШАТАУ: МАЛ БАҒУ, ЖОЛ МӘСЕЛЕСІ



Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы» Жарлығына сәйкес өткен аптада аудан әкімі Асқар Қазыбаев Қаракемер, Ақшатау елді мекенінің тұрғындарымен кездесті. Екі ауылда да кездесу барысында негізінен мал азығын ертерек қамдау туралы мәселеге баса назар аударды және алдағы атқарылатын басты міндеттерге тоқталып өтті.

Кездесу жиынында қойылған сурақтардың дені жеңілдетілген несиелер алу, жер алу сынды ауыл шаруашылық және жер бөлімі салаларына бағытталды. Көптің қозғаған тағы бір ұсынысы мал күтуін ұйымдастыру, бағылуын қадағалау секілді өзекті мәселелер қозғалды. Аудан басшысы сол малдардың бағылуына мән берді. «Ең бастысы тұрғындардың малдарының бақташысы болу керек. Атаптық малдарды көбірек қосып, асылдандыру жұмысы ауыл тұрғындарына баяу. Ал шаруа қожалықтары мұндай жұмыстарды

өздері үшін жасайды. Біз жеке тұрғындардың арасында осындай жұмыстарды ұйымдастыруымыз керек» – деді.

Негізінен ауыл маңындағы тұрғындардың малы жайылатын ерістің тарлығы мен жеке малдарды бақтыру мәселесін тілге тиек етті. Және тағы бірі – жол мәселесі. Яғни көктемгі қатынастың қиындығы талай жылдардан бері тұрғындар тартып келе жатқан тауқымет. Тұрғындардың өтініш-тілегіне, ұсыныстарына құлақ түрген аудан басшысына ақшатаулық тұрғындар замана сай ауылдық клуб салу ұсынысын айтты. Алдағы уақытта бұл мәселе де демеуші табылса, шешімін табатынын айтты.

Тұрғындармен кездесуге аудан прокуроры Нұрлыбек Жолбаев, аудандық полиция бөлімінің бастығы Серік Берекенов, Ойыл аудандық жұмыспен қамту орталығының директоры Аралбай Жолдыбаев және бірқатар мекеме басшылары қатысты.

Гаухар АЛЕКСЕЕВА,
Ойыл-Қаракемер-Ақшатау-Ойыл.

ТАЗАЛЫҚ ТА ТАБАЛДЫРЫҚТАН БАСТАЛАДЫ!

Осы айдың басында жарияланған көктемгі екі айлық «Тазалық айлығы» ауданның алтын қақпасы саналатын Саралжын ауылдық округінде арнайы жасалған жоспарға сай жүргізілуде. Округ әкімі Марат Тәжіғалиев шаруа қожалық иелерін тазалық айлығына яғни ауылдағы тазалық жұмыстарына атсалысуға шақырып, техникаларын шығаруды ұйымдастырды. Жеке тұрғындар қыстан қалған малдың қиын шығаруға енжарлық танытпай техниканың барында арнайы қоқыс төгу орнына жеткізуге белсенділік танытты. Нақтырақ айтсақ, жолдың жиегіне тұрмыстық қалдықтарды көршілес Қобда ауданымен ұштасатын аумаққа дейін және көктемгі су тазалығы кезінде сумен бірге шығып қалған қоқыстарды яғни Ойыл, Қиыл өзендерінің ауылға жақын мандарын тазалады. Ал, округ пен елді мекендердің көше тазалығына мекеме қызметкерлері жұмылып, туған жердің тазалығына үлестерін қосуда. Бұл жұмыстарға 60 жуық адам шығып, 3 трактор, 1 ауыр жүк көлігі жұмылдырылып 75 тонна күл-қоқыс шығарылды.

Тазалық айлығын тиянақты атқарып жатқан ауыл азаматтары «Туған жерге тағзым!» акциясына биыл алғашқылардың бірі болып атсалысты. Мектеп бітіргендеріне 40 жыл толған 1965 жылы туған азаматтар балабақша ауласына он түп жеміс ағашын отырғызып берді. Оның алты түбі алма ағашы болса, төрт түбі өрік ағашы. Бұл игі іспен шектелмеген азаматтар енді «Балалар жылына» байланысты ауыл балаларына арнап ойын алаңын салып беруді жоспарлап қойған.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
Ойыл селосы.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОРАЗАСЫ ДҰРЫС ПА?

ҚАЗАҚ ДЕГЕН БІР АЛЛАҒА СЫЫҢҒАН ЕЛМІЗ! ҰЛЫ ЖАРАТУШЫНЫҢ БАРЫНА СЕНІП, БАЛАНЫ ЖАСТАН ЕШКІМНІҢ АЛА ЖІБІН АТТАМАУҒА ӨУ БАСТАН-АҚ ТӘРБИЕЛЕП КЕЛЕДІ. ҚҰДАЙҒА ҚҰЛШЫЛЫҚ ЕТУДІ, БЕС ПАРЫЗЫН ӨТЕДІ АҚЫЛ-ЕСІ ТОЛЫҚҚАН СӘТТЕН БАСТАҒАН. ЯҒНИ ҚЫЗҒА ДА, ҰЛҒА ДА БАЛИҒАТ ЖАСЫНА КЕЛДІ, МҰСЫЛМАНДЫҚ ПАРЫЗЫҢДЫ ӨТЕ ДЕП, ТӨТЕДЕН ТАРС ЕТКІЗІП АЙТПАҒАН. ИСЛАМ ДІНІНЕ БЕРІК ЕКЕНІН АТА-ДӘСТҮРІ, ТӨЛІМ-ТӨРБЕСІ АРҚЫЛЫ ҰЛЫҚТАП КЕЛЕДІ.

Кешегі орыстың 70 жыл боданында болып, Кеңестік дәуірде, Бір Алланың бары ақиқат екенін естен жоғалтқан шығармады. Діни сенімге тосқауыл қоя алмады. Құдайсыз қоғамда өмір сүргеннің өзінде бақилық болған бауырының жаназасында, сонымен қатар өлі аруақтарға құран бағыштаған. Ал, қазір Аллаға шүкір! Ешкімге Тәуелсіз еліміз... Алланың үйі аталатын күмбездері көп тіреген мешіттеріміз де бар. Елімізде көп ұлттар мен ұлыстар мекен еткендіктен олардың өз діндерін ұстануларына тиым жоқ. Мәселен жат ағымның жетегіне ерген жастарымыз көп. Мұндай сана-сезім ұланғашы жастар имамдар мен теологтардың басты назарында. Оны айтпағанның өзінде қазір Ораза ұстайтын оқушылардың қатары көбейген. Осы тұста адамдар арасында екі жақты пікір қалыптасып үлгерді. Бірі «Оқушылар ораза ұстау қажет емес» десе, енді бірі «Балиғат жасына жеткен әрбір адамның ауыз бекітуге құқы бар» деген ойды құптайды. Міне осы тақырып аясында түрлі сала өкілдерінің пікірлерін сұраған едік.

Нұрсұлтан Серікұлы,
Ойыл аудандық мешітінің бас имамы.

Ораза ұстау адамдардың шешетін мәселесі де, тіпті мемлекеттік заңдылыққа емес. Әркімнің ынты-қылас, жүрек қалауы. Жаратушысына деген құлдың рухани байлығы, оған ешкімнің де хақысы жоқ. Оны бұйрықпен тоқтату мүмкін емес. Оған дін тарапынан қойылған шарттары бар. Дінімізде балиғат жасына жетпеген жанға ораза ұстау парыз емес. Ал, өз өркімен ұстаймын

деген жанға ешкім тосқауыл бола алмайды. Оразаны себеп қылып әркім өзіне жүктелген Жаратушысының алдындағы жауапкершілігіне немқұрайлы қарауға болмайды. Өйткені әр адам сауап амалды өзі үшін орындайды. Біреудің өлсіздігін көріп, бөріне бірдей тиым салу орынсыз. Бірақ мынаны ескеру керек. Ата-ана тарапынан балиғат жасына жетпеген жанға мәжбүрлеп, ораза ұстауға күштемеу отырады. Ұйқылары келіп, сабақтарына салғырт қарап, үй тапсырмасын орындамай жүргендері де кездеседі. Ораза ұстаған адам ол әрекетін міндет қылмауы керек қой.

Міндет қылса, тілегі қабыл болмайды, сауап алмайды деген бар емес пе?! Бала мектептің ішкі тәртібіне бағынып, оқушылық міндетін орындауға тиісті. Білім алып, сабаққа уақытында дайындалып, бағынылуы керек. Келешек білім мен ғылымның заманы.

Назира Аралова,
Жасөспірімдер тәрәпөві.

Біріншіден діни жағынан айтар болсақ, шариғатымыз бойынша балиғат жасына жетпеген жас балаға

оразға ұстау – парыз емес. Медицина жағынан айтар болсам, балиғатқа және кемелетке толмаған жас баланың ораза ұстау кезінде оның организмінде өлсіздік, дәрменсіздік, қан аздық пайда болады. Бұл жағдай кішкентай бұлдіршінің денсаулығына кері әсер етуі, сонымен қатар оның толыққанды білім алуына кедергі келтіруі мүмкін. Көктемгі қараөзек шақта жас организмнің күні бойы аш жүруі баланың иммунитетін өлсіретеді. Өлсіз ағза өртүрлі ауруды тез қабылдайды. Ата-аналарға осы мәселеге аса көңіл бөлуге кеңес беремін. Кез-келген құлшылық, оның ішінде ораза толыққанды білім алуға, тиянақты жұмыс істеуге кері әсер етпеуі керек.

Оқушылардың оразасы жайында әлеуметтік желіде жақсы жазбалы көзіміз шалды. Онда былай дейді:

– Қазір балалардың асқа, Мөшһүр Жүсіп атамыз айтқандай нағна тоймайтын кезі емес пе? Жасы келген асқазаны ас қорытпайтын кәрі кісі яки жегенін өбжыланды асықпай қорытатын жасамас адамдай емес, жас баланың ағамы маздап жанып тұрған отты пеш емес пе? Маздап жанып тұрған ол сәт сайын отын тілемес пе?! Ал өнді осы маздап жанған отқа аз ғана уақыт отын салмай қойсаңыз, лезде сөніп, қопамтаға айналып, шала боп қалмай ма? Баланың да ағзасы осы от сияқты, тамақ ішпеген баланың өлдермен тез таусылады, күш-қуаты жылдам сарқылады...

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
Ойыл селосы.

ЖЕЛІДЕН АЛЫНҒАН АҚША

ДЕНЬГИ ИЗ СЕТИ

КРЕДИТТЕРДІ ОНЛАЙН РЕЖИМДЕ АЛУДЫҢ ЖЫЛДАМ ӘРІ ЫҢҒАЙЛЫ БОЛУЫНА ҚАРАМАСТАН, ОЛАРДЫ АҚЫЛМЕН ПАЙДАЛАН УҚАЖЕТ. ТЕРІС ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІКСІЗ КӨЗҚАРАС БОЛҒАН КЕЗДЕ АЙТАРЛЫҚТАЙ ҚАРЖЫЛЫҚ ШЫҒЫНДАРҒА ҰШЫРАП, АЛҒАННАН ГӨРІ ОДАН КӨБІРЕК БЕРУГЕ ТУРА КЕЛЕДІ.

ЖАҢА ТАЛАПТАРҒА СӘЙКЕС ЕНДІ КЛИЕНТТІ АУТЕНТИФИКАТТАУ ҮШІН МЫНАДАЙ ҮШ ТӘСІЛДІҢ БІРЕУІН ПАЙДАЛАНУ КӨЗДЕЛГЕН

2021 жылы ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі клиенттерді идентификаттау жөніндегі талаптарды қатаңдатты және барлық микроқаржы ұйымдары үшін міндетті болатын клиенттерді идентификаттаудың жаңа тәртібін қабылдады.



Онлайн-кредиттердің ыңғайлы болуы өте айқын. Бөлімшеге барудың қажеті жоқ, кезек жоқ. Бұдан басқа, онлайн-кредит беру кезінде өдетте кепіл болжанбайды. Қазіргі уақытта оларды алу үшін онлайн-режимде кредиторға өзіңіз туралы шамалы ақпарат ұсыну жеткілікті: ЖСН және мобильді телефон нөмірі. Онлайн-кредиттер бойынша шешім өте тез қабылданады, ал мақұлдау пайызы аса жоғары.

Алайда бұл ретте тұтынушылар, сол сияқты қаржы ұйымдары да қаржылық алаяқтық және үшінші тұлғаларға жалған кредит алу фактілеріне тап болды. Сондықтан 2021 жылы ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі клиенттерді идентификаттау жөніндегі талаптарды қатаңдатты және барлық микроқаржы ұйымдары үшін міндетті болатын клиенттерді идентификаттаудың жаңа тәртібін қабылдады.

Жаңа талаптарға сәйкес енді клиентті аутентификаттау үшін мынадай үш тәсілдің біреуін пайдалану көзделген:

- Ұлттық куәландыру орталығы беретін электрондық цифрлық қолтаңба;
- ҚР Ұлттық Банкінің Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығының Жеке деректерді өңдеу орталығы көрсететін қызметтерді пайдалану арқылы биометриялық идентификаттау;
- Екі факторлы аутентификаттау. Клиентті идентификаттауды жүргізбей микрокредиттер беруге тыйым салынған.

Бұдан басқа, көп адамдар, егер мысалы телефон нөмірін немесе

тұрғылықты жерін ауыстырса, кредитор қарыз алушыны таба алмайды және міндеттемелер бойынша төлемуге де болмайды деп ойлайды. Мұндай көзқарас бүлінген кредит тарихынан бастап, елеулі айыппұлдар мен өсімпұлдарға дейін өкінішті салдарға өкелуі мүмкін.

Сонымен қатар, мұндай жағдайлар өте жиі кездеседі. Жылдам ақша тегін ақша емес. Ал онлайн-қарыздар бойынша мөлшерлемелер өте жоғары болуы мүмкін.

Қысқа мерзімді онлайн-қарыздар бойынша негізгі борыш және пайыз сомасын бірден және толығымен қайтару қажет болатын фактіні де ескеру қажет. Оның үстіне мұны мерзімін өткізбей істеген дұрыс. Олай болмаған жағдайда, айтарлықтай көлемде өсімпұл есептеледі.

Сонымен бірге микрокредит берген кезде қаржы ұйымы өлеуетті қарыз алушының борыш жүктемесінің коэффициентін, яғни кез-келген кредиттік ұйымдардағы барлық кредиттеріне қызмет көрсету үшін ай сайын төлейтін соманы ескеруі қажет екенін атап өткен жөн. Егер жаңа кредит бойынша төлемдерді есептегенде ай сайынғы төлем қарыз алушының бүкіл ай сайынғы кірісінің 50%-нан асып кетсе, қаржы ұйымы мұндай кредитті беруге құқылы емес.

Бұдан басқа қарыз «жылдам» болғандықтан, кредитор оны өндіріп алу процесін де жылдам бастауы мүмкін. Мұндайда онымен төлеу мерзімін кейінге қалдыру, қайта қаржыландыру немесе қарыз мерзімін ұзарту туралы келісу мүмкін болмайды.

Сондықтан да кез-келген қарызды,

әсіресе, қашықтан отырып алмас бұрын, талаптары мен шартты мұқият зерделеген жөн. Онда сіздің қандай соманы алатыныңыз, қандай соманы қай уақытта қайтаратыныңыз нақты жазылған.

Шарт талаптары нақты – қандай да бір екітүрлі түсінетіндей болмай, қарыздың барлық сомасы, мерзімі және өтеу төсілдері көрсетілуі керек. Қандай да бір талаптары түсініксіз болып не күмән туғызса, мұндай қарыздан және шартқа қол қоюдан бас тартқан жөн.

Кредит алу туралы шешім – бұл жауапты шешім, сондықтан кредитті қайтару қарыз алушы үшін кредит берушімен және бүлінген кредит тарихымен байланысты болмауы үшін сізге мыналарды істеу қажет

Кредиттің қаншалықты қажет екенін бағаланыңыз. Мүмкін ақшаны басқа жерден оңай және арзан алуға болатын шығар;

кірістер мен шығыстарды ескере отырып, қаржылық мүмкіндіктеріңізді есептеңіз;

кредит шығындарының өсуі мүмкін екенін ескере отырып, өз мүмкіндіктеріңізді талдаңыз. Егер кредит қысқа мерзімді болса, онда сіз кредитті тұтас және пайызымен қоса бірден беруіңіз керек, ал егер ұзақ мерзімді болса, үстіне недәуір артық төлем жасайсыз.

Кредитті алу шартта белгіленген мерзімде борыштың негізгі сомасын (кредитордан алынған сома) қайтару, сондай-ақ кредитті пайдаланғаны үшін сыйақы, комиссиялар және басқа да төлемдер төлеу міндетін түсіну;

Қарыз шартын және оның талаптарын мұқият оқып шығыңыз.

НЕСМОТРЯ НА СКОРОСТЬ И УДОБСТВО ПОЛУЧЕНИЯ КРЕДИТОВ В ОНЛАЙН-РЕЖИМЕ, ПОЛЬЗОВАТЬСЯ ИМИ НЕОБХОДИМО С УМОМ. ПРИ НЕПРАВИЛЬНОМ ОБРАЩЕНИИ И БЕЗОТВЕТСТВЕННОМ ОТНОШЕНИИ МОЖНО СТОЛКНУТЬСЯ СО ЗНАЧИТЕЛЬНЫМИ ФИНАНСОВЫМИ ПОТЕРЯМИ И ОТПАДЪ ГОРАЗДО БОЛЬШЕ, ЧЕМ ПОЛУЧИТЬ.

Удобство онлайн-кредитов довольно очевидно. Нет необходимости в посещении отделения, очереди отсутствуют. Кроме того, онлайн-кредиты обычно не предполагают залога. Для их получения сейчас достаточно в онлайн-режиме предоставить кредитору минимум объема информации о себе: ИИН и номер мобильного телефона. Решение по онлайн-кредитам принимается очень быстро, а процент одобрения весьма высок.

Однако при этом зачастую как потребители, так и кредитные организации сталкивались с фактами финансового мошенничества и получения фиктивных кредитов на третьих лиц. Поэтому в 2021 году Агентством РК по регулированию и развитию финансового рынка ужесточены требования по идентификации клиентов и принят обязательный для всех микрофинансовых организаций новый порядок идентификации клиентов.

Согласно требованиям, для аутентификации клиента предусмотрено использование одного из трех способов:

- Электронная цифровая подпись, представленная Национальным удостоверяющим центром;
- Биометрическая идентификация посредством использования услуг Центра обработки индивидуальных данных казахстанского центра межбанковских расчетов Национального Банка РК;
- Двухфакторная аутентификация.

Выдача микрокредитов без проведения идентификации клиента запрещена.

Кроме того, многие думают, что если сменить, к примеру, номер телефона или место жительства, то кредитор не сможет найти

СОГЛАСНО НОВЫМ ТРЕБОВАНИЯМ ТЕПЕРЬ, ДЛЯ АУТЕНТИФИКАЦИИ КЛИЕНТА ПРЕДУСМОТРЕНО ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ОДНОГО ИЗ ТРЕХ СПОСОБОВ

В 2021 году Агентством РК по регулированию и развитию финансового рынка ужесточены требования по идентификации клиентов и принят обязательный для всех микрофинансовых организаций новый порядок идентификации клиентов



АДАМЗАТ ЖАУЫЗДЫҒЫ: 20 ҒАСЫРДАН БЕРГІ ЕҢ ҚАТІГЕЗ ГЕНОЦИДТЕР



«ЖЕРГЕ ЗИЯН КЕЛТІРЕТІН ТІРШІЛІК ИЕЛЕРІНІҢ ІШІНДЕГІ ЕҢ ЖАУЫЗЫ – АДАМ» ДЕГЕН ЕДІ БІР ДАНЫШПАН. ШЫНДЫҒЫНДА, ТАБИҒАТҚА ДА, ЖАНУАРЛАРҒА ДА, ТІПТІ, БІР-БІРІНЕ ҚАСТАНДЫҚ ЖАСАЙТЫН ДА АДАМ. ОЗЫРҒЫЛЫҚ, ҚАТЫГЕЗДІКТІҢ ТҮРЛІ ИДЕЯЛАРЫНЫҢ АВТОРЫ ДА АДАМ...

XX ҒАСЫР ТЕХНИКАЛЫҚ ПРОГРЕСС ПЕН АДАМЗАТ ДАМУЫНЫҢ УАҚЫТЫ ҒАНА ЕМЕС, БҮЛ ҒАСЫР ЕҢ ҚАТЫГЕЗ, ҚАНДЫ, ЖОЙҚЫН СОҒЫСТАР МЕН ГЕНОЦИДТЕРДІҢ КЕЗЕҢІ БОЛДЫ. XX ҒАСЫРДАН БЕРІ ҚАРАЙ АДАМЗАТ ЖАУЫЗДЫҒЫНАН ТУЫНДАҒАН ТАРИХТАҒЫ ЕҢ СҰМДЫҚ ГЕНОЦИДТЕРГЕ ШОЛУ ЖАСАЙЫҚ.

Айта кетейік, геноцид – кез келген ұлттық, этникалық, нәсілдік немесе діни топты жою мақсатында жасалған әрекет.

Армян геноциді

XX ғасырдың басын Армян геноциді бастап тұр. Бұл Осман империясының армяндарға жасаған жауыздығы еді. 1915 жылдан бастап, бірінші дүниежүзілік соғысқа дейін түріктер армяндарға шабуыл жасап келді.

Олар еңбекке жарамды ерлерді түгел өлтірді, ал әйелдер мен балалар Сирия шөл арқылы «өлім шерулері» деп аталатын жаңа тұрғылықты жерге баруға мәжбүр болды. Онда өлім жазасына кесілді. Түркіндармен бірге ауылдар да өртеніп, армяндарға толы кемелер Қара теңізге сүйретіліп, суға батырылды. Армяндарды газбен өлтіруге арналған кем дегенде жиырма концлагерь салынды. Түрік дәрігерлері жазықсыз сөбілерге іш сүзегімен ауыргандардың қанын екті.

Өлі күнге дейін құрбандар саны туралы нақты дерек жоқ, есептеулер бойынша шамамен 600 мыңнан 1,8 миллионға дейін армян қаза тапқан.

Армяндарды қырып-жоюдың геноцид ұғымына түсуінің үш себебі бар:

- Біріншіден, бұл үкіметтің ресми саясаты. Әрбір түрік губернаторының «нәтижеге шығу» атты мақсаты болды. Егер шенеунік өлтіруден бас тартса, ол жұмыстан шығарылды.
- Екіншіден, ресми үгіт-насихат армяндарды «микроб деңгейіндегі тіршілік иелері» деп жариялады. Одан бөлек, сауатсыз шаруалар мен жастардың басын шауып отты. Олар: «Армян христиандың крестке шегелеп өлтіру қылмыс емес, өйткені олар өз Құдайына еруді армандайды» деген пікірде болды.
- Үшіншіден, үкімет армяндардың мүлкін тартып алды. Қазынаны толтыру деген өте қиынсыз саясат болды.

Түркияда армян геноциді өлі күнге дейін мойындалған жоқ. Оның үстіне, сол оқиғадағы «қайраткерлер» еленіп, тіпті істері өрлік деп танылған. Мәселен, «армян микробтары» деген атаудың авторы Мехмед Рашид тарих кітаптарының «патриот» болып саналады.

Еврей геноциді

XX ғасырдың ғана емес, бүкіл адамзат тарихындағы ең қорқынышты және қанды трагедиялардың бірі – Еврей геноциді. Неміс және австриялық пангерманистер арасындағы нәсілдік антисемитизм идеялары 19 ғасырдың аяғында-ақ дамыды. Олардың шеңберінде барлық еврейлер белгілі бір биологиялық жетіспейтін белгілердің туа біткен тасымалдаушылары болып саналды. Сондықтан еврей халқының әрбір өкілі нәсілшілерге ұлттың өмір сүруі үшін қауіпті болып көрінді.

Адольф Гитлер бастаған неміс ұлтшыл-социалистері нәсілдік антисемитизмді идеологиясының негізіне айналдырды. «Еврейлерден қалай құтыламыз?» деген

сұрақ Гитлердің билікке келгеннен кейін өз идеяларын жүзеге асыруына себеп болды...

Қуғын-сүргін 1933 жылы 1 сәуірде еврейлерге бойкот жариялаудан және кейіннен мемлекеттік мекемелерде немесе белгілі бір кәсіптерде жұмыс істейтін еврейлерге бағытталған нәсілдік заңдардың толқынымен басталды. 1935 жылғы 15 қыркүйектегі «Нюрнберг заңы» Германиядағы еврейлердің теңдігін тоқтатып, оларды нәсілдік тұрғыдан анықтады.

Еврейлерге қатысты кемсітушілік саясатқа қарамастан, геноцид нацистер билікке келгеннен кейін бірден басталған жоқ. Нацистер еврейлерді елден ғыстыруға тырысты. Бірақ олардың барар жері болмады. Геттолар, концлагерьлер мен өлім лагерлері еврейлерді оқшаулаудың негізгі инфрақұрылымына айналды. Екінші дүниежүзілік соғыстың басталуымен фашистер еврей халқы тығыз орналасқан елдер мен аймақтарды – Польшаны, Балтық жағалауы елдерін, Украинаны, Белоруссияны басып алды. Ірі қалаларда еврей геттолары құрылды. Онда қаланың және оның төңірегіндегі бүкіл еврей халқы айдалды. Ең үлкен гетто Варшавада құрылды, оның құрамында 480 мыңға дейін адам болды.

1942 жылы қаңтарда «еврей мәселесін түпкілікті шешу» бағдарламасы бекітілді. Германиядан, Франциядан, Голландиядан және Бельгиядан келген еврейлер шығарылды. Польша мен Белоруссияның лагерлері мен геттоларына жіберіліп, оларға мұндай қоныстандырудың уақытша екенін айтты. Ал Польшада өлім лагерлері құрылды.Олар адамдарды орналастырмай, бірден жою үшін арналған.

1942 жылдан кейін барлық дерлік концлагерьлер ұқсас схема бойынша жұмыс істей бастады. Кеңес армиясының 1943 жылы бірқатар майдандардағы сәтті шабуылы және Сталинград шайқасынан кейінгі жағдайдың өзгеруі мен Эль-Аламейн маңында Роммель армиясының жеңілісі еврейлерді фашистердің қырғынға ұшыратуының жеделдеуіне өкелді. Жаппай өлім жазасына кесілген жерде мейіттерді өртеумен арнайы бөлімше (Sonderkommando-1005) айналысты.

Соңғы мәліметтер бойынша, құл еңбегін пайдалану, еврейлерді және халықтың «төмен» деп саналатын басқа топтарын оқшаулау, жазалау және жою үшін фашистер 42500-ге жуық лагерлер мен геттолар құрды. Қазіргі уақытта 4 миллион құрбанның аты-жөні анықталып, расталды. Сонымен қатар, еврей қауымдары толығымен жойылды және қайтыс болғандардың есімдерін айта алатын туыстары, достары немесе туыстары қалмады. Нюрнберг трибуналының үкімдерінде еврейлердің геноцидінің құрбандарының ресми саны 6 миллион адамды құрайды.



«Аштық саясат»: нәсілшілдік геноциді

Өлем тарихында 1-ақ жылдың ішінде бір ұлт өзінің 70 пайыз халқынан айырылды. Ол қазақ халқының басынан өткерген геноциді. Тігерге туяқ, ішерге ас қалмай, бүкіл мүлкінен айырылған ауылдар ашаршылыққа ұшырады.

1928-1931 жылдары Қазақстандағы ауылдар колхоздастырылып болды. Совет үкіметі сол колхоздың 40 миллион қой-ешкі, жылқысын тегін алуға ұмтылды. Ол үшін әуелі ет өткізіндер деп тапсырма берді, бастапқыда 30 пайызын тартып алды. Кейін ол 50 пайызға дейін көтерілді.

1932-1933 жылдары Совет үкіметі шетелге 3,41 миллион астық, 47 мың тонна ет өнімін өте төмен бағада экспорттады. Алайда халқының жеп отырған асын ауызынан жырып алып, шетелге сатқаны салдарынан Совет үкіметінде 30

миллион адам ашаршылыққа душар болды. Сол кезде 8-9 миллионнан асатын қазақтардан 1932-ші жылдан кейінгі ашаршылықтан соң, 2 миллионнан сәл асатын адам қалды.

Камбоджадағы геноцид

1975 жылы сәуірде қызыл кхмерлер қарулы көтерілісі нәтижесінде Камбоджа астанасын басып алып, іс жүзінде жаңа мемлекет – Демократиялық Кампучияны құрды. 1976 жылы сәуірде Хиеу Самфан ресми түрде елдің президенті болып жарияланды. Ал Пол Пот премьер-министр болды. Қызыл кхмерлер саяси диктатура орнатты. Олар Камбоджада «100% коммунистік қоғамды» құру үшін «революциялық эксперимент» басталғанын жариялады. Геноцид құрбандары Камбоджада Пол Поттың идеялары негізінде «казармалық коммунизм» және «аграрлық социализмнің» ерекше формасы құрылды.

Пол Поттың идеясы бойынша, елге «жарқын болашақты» құру үшін «бір миллион адал адам» керек еді. Қалған алты миллион тұрғын қайта тәрбиелеуге «қабілетсіз» болғандықтан, физикалық жойылуға ұшырады.

Бұрынғы үкіметпен немесе шетелдік үкіметтермен байланысы бар деген күдікке ілінгендердің барлығы дерлік, таптық негізде жойылған кәсіпқойлар мен зиялылар тұтқындалып, кейіннен өлім жазасына кесілді. Этникалық белгілері бойынша вьетнамдықтар, чаммалар, діни белгілері бойынша – христиандар, мұсылмандар және будда монахтары жойылды. Геноцид құрбандары Камбоджада зиялыларының көпшілігі сондай-ақ, ұлттық азышлықтар, дін өкілдері болды. Адамдар тіпті көзілдірік кигені және шет тілдерін білгені үшін қамауға алынған.

Халықтың жалпы санына дейін жойылған адамдардың саны бойынша қызыл кхмерлер режимі адамзат тарихындағы ең қатыгес режимдердің бірі болып табылады. 1975-1979 жылдар аралығында барлығы 1,7 миллионнан 3 миллионға дейін адам қайтыс болды, бұл ел халқының үштен бір бөлігінен астам7

Қожалы геноциді

1992 жылы 25-нен 26-шы ақпанға қараған түні Қожалы тұрғындары үшін ең азапты, ең қайғылы ұзақ түн болды. Бұл Арменияның Әзірбайжандарға жасаған геноциді еді.

Бұның салдарынан қаланың 5379 тұрғыны босып кетуге мәжбүр болды, 1275 адам тұтқынға алынды. Олардың 150-інің, оның ішінде 68 әйел мен 26 баланың тағдыры өлі белгісіз. 487 адам қарақат алды, 8 отбасы толығымен қырылып, 25 бала толықтай жетім қалды, 130 бала ата-анасының бірінен айырылды. 613 бейбіт тұрғын, олардың қатарында 63 бала, 106 әйел мен 70 қария аяусыз өлтірілді.

Руанда геноциді

1994 жылы 6 сәуірде Руанда президенті Жувенал Хабьяримана мен Бурунди президенті Киприен Нтарамира мінген ұшақ Руанда астанасы Кигали қаласына жақындағанда атып түсірілді. Ұшақтағы барлық жолаушылар қайтыс болды. Дел осы күні елде геноцид басталды. Сарбаздар, полициялар және жасақшылар түтсі халқының өкілдері мен хутулар арасында әдейі ескері жаңе саяси қайраткерлерді тез арада басып-жаушып, қырылау-өткізу пункттерін салды.

Геноцидті ұйымдастырушылар хутуларды түтсі көршілерін зорлау, ұрып-соғу және өлтіру, мүліктерін жою және иемдену үшін қарулануға шақырды және мәжбүрледі.

Геноцидтің алғашқы 6 аптасында 800 000-ға дейін адам қайтыс болды. Гвардия, жандармерия және жастар отрядтары Холокост кезіндегінен бес есе көп адамды қырды. Зарпап шеккендердің көпшілігі өздері тұратын елді мекендерде, көбінесе көршілер мен жергілікті тұрғындардың қолынан қаза тапты. Полициялар ұлттық панга мәчеттерінен қолданды, кейбір армия бөлімдері мылтықтарды пайдаланды. Хуту баскесерлері тутсылерді өздері жасырынан мектептер мен шіркеулерден іздеп, жойып жіберді. Жергілікті билік пен радиостанциялар азаматтарды көршілерін өлтіруге шақырды. Бас тартқандарға сол жерде шара қолданылды.

Қанды қырғын 1994 жылдың 6 сәуірінен 18 шілдесіне дейін жалғасты. Осы уақыт ішінде кем дегенде 1 миллион адам геноцидтің құрбаны болды.

«Жаман ұлт болмайды, жаман адам болады». Шындығында, рас-ақ... Тарихтағы оқиғалардың бір ұлтты жою үшін жасаған озбырлық әрекеттерінің артында жаман адамдар тұрғаны рас. Дана Нұрмұханбет, «Адырна» ұлттық порталы.

БЖЗҚ ӨЗ ҚЫЗМЕТТЕРІНІҢ 90 ПАЙЫЗЫН ОНЛАЙН ТӘРТІБІНЕ ҚАЛАЙ АУЫСТЫРДЫ?

Бес жыл – бұл айтарлықтай ұзақ мерзім емес. Алайда Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры осындай қысқа уақытта салымшылар мен алушылардың қажеттіліктерін ескере отырып, өз қызметтерінің едәуір бөлігін онлайн-кеңістікке көшірді. БЖЗҚ-ның түрлі қызметтерін дамытудың негізгі бағыттары Қордың 2017-2021 жылдарға арналған Корпоративтік даму стратегиясында жазылған болатын. Соған орай біз қызметкерлеріміздің қажырлы еңбегінің арқасында ала қорытындысын жүргіземіз.

Корпоративтік стратегияда айқындалған зейнетақы қызметтерін дамыту мен сапасын арттырудың түйінді бағыттарының бірі – тікелей, электрондық және қашықтан қызмет көрсету форматын дамыту арқылы салымшыларды зейнетақы қызметтерімен тең дәрежеде қамтамасыз ету. Бұл ретте Қор өткен жылдар барысында БЖЗҚ сайты мен мобильді қосымшасы, e-gov порталы мен мобильді қосымшасы, әлеуметтік желілер, т.б. арқылы түскен өтініштерді орындауға электрондық форматта көрсетілетін зейнетақы қызметтер ауқымын кеңейтті.

Қазіргі уақытта БЖЗҚ қызметтерінің 93% астамын ыңғайлы өрі жедел электрондық форматта көрсетеді. Салымшылар мен алушылар үйден шықпай-ақ, бірнеше минут ішінде Қордың барлық қызметін пайдалана алады. Мысалы, БЖЗҚ сайтында және мобильдік қосымшасында салымшылар кез келген уақытта және кез келген жерде жеке зейнетақы шотынан үзінді-көшірме алып, деректемелеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізіп, ЖЗШ-ның бар екендігі туралы анықтамаға қол жеткізіп, немесе 2 топтағы мүгедектік мерзімсіз белгіленуіне орай, сондай-ақ, ерікті зейнетақы жарналары бойынша зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш беріп, төлем алу туралы өтінішті мәртебесін қадағалай алады және т.б. Айта кетерлік жәйт, онлайн қызметтердің шамамен 70% БЖЗҚ сайтында немесе мобильді қосымшасында көрсетілген.

БЖЗҚ-ның электрондық қызметі мен қашықтан қызмет көрсету жүйесін дамыту мақсатында 2017-2021 жылдары ҚР цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, ҚР Әділет министрлігі, «Қазпошта» АҚ, екінші деңгейдегі банктер және т. б. мемлекеттік органдардың деректер базасы мен ақпараттық жүйелері біріктірілді. Осылайша, жасына байланысты төлем алуға өтінішті алдын ала тексеру; 3ЦҚ тексеру және жеке басын сәйкестендіру; ақпараттандыру, қызмет көрсету үшін бір реттік құпиясөзді жіберу; жасына байланысты төлем алуға тірелген өтініштерді қабылдау; белгіленген мүгедектік бойынша деректерді тексеру; азаматтардың жеке деректерін, куәландырушы құжаттар мәртебесін, өмірлік мәртебесін тексеру; зейнетақы жарналарын төлеу бойынша агенттермен өзара іс-қимыл үрдісін саралау және құру; туыстық байланыс бойынша деректерді тексеру; трансфер-агенттік қызмет көрсетуі іске асыру және т. б. бойынша жұмыстар жүргізілді.

Деректер базасын біріктірудің арқасында БЖЗҚ қызметтерінің 20% астамы өтінішсіз қызмет көрсету

форматында көрсетіледі. Мысал ретінде айтатын болсақ, оған міндетті зейнетақы жарналарын (МЗЖ), міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын (МКЗЖ) және ерікті зейнетақы жарналарын (ЕЗЖ) есепке алу бойынша жеке зейнетақы шоттарын автоматты түрде ашу кіреді. Естеріңізге сала кетейік, жеке тұлғаның БЖЗҚ-да ашық ЖЗШ болмаса, ол алғашқы жарна келіп түскенде БЖЗҚ ақпараттық жүйесінде автоматты түрде ашылады. Бұл ретте жеке тұлғаны сәйкестендіру МЗЖ, МКЗЖ немесе ЕЗЖ аудару кезінде төлем тапсырмасының электрондық форматында көрсетілген дербес деректер бойынша жүзеге асырылады. Қолданыстағы құжаттың деректемелері мен салымшының тұрғылықты жері туралы барлық қажетті мәліметті, БЖЗҚ жоғарыда айтылғандай, мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінен алады.

Айта кетейік, салымшылар мен алушыларға қатысты мәселелерінің бір бөлігі қашықтан қызмет көрсету арқылы шешіледі. Қор мамандары: Call-орталық, «Chat2Desk» (WhatsApp, Telegram, Viber мессенджерлері және Facebook пен ВКонтакте әлеуметтік желілері), БЖЗҚ веб-сайты мен ұялы қосымшасы (кері байланыс қызметтері, онлайн-кеңесші, Басқарма төрағасының блогы) және т.б. байланыс арналары арқылы түрлі тақырып бойынша мәселелерді шешеді, өрі оңай шеше алады.

Көрсетілген ұсынылымдарды қызмет көрсету түрлерін де ұмытпаған жөн. Карантиндік шаралар мен оқшаулау кезінде жұмысшылықтың көбіні біздің қызмет көрсету кеңселерінен ақпарат алғылары келгендері соншалық, шектеулер алына салыммен карттар да, жастар да БЖЗҚ-ға ұмтылды. Айта кетейік, Қазақстан бойынша 176 қызмет көрсету кеңсесінен бөлек, Қор қызметтерін мобильді кеңселерден (бұл еліміздің шалғай ауылдары мен аудандарында тұратын салымшыларға қызмет көрсететін арнайы жабдықталған көлік құралдары), «мобильді агент» көпелі топтарынан, сондай-ақ, «Қазпошта» АҚ-ның 347 бөлімшесінен алуға болады.

Корпоративтік даму стратегиясының мақсат-міндеттерін жүзеге асыру шеңберінде алдын ала жүргізілген дайындық шараларының арқасында БЖЗҚ өз қызметін толыққанды көрсете білді. Бұл ретте Қор қызметкерлері мен салымшылары арасында COVID-19 коронавирусының таралуына жол бермеу үшін қолайлы еңбек жағдайы мен қызмет көрсету шараларының сақталғанын атап өтеміз. Жалпы карантиндік шектеулерді енгізу кезінде Қор қызметкерлері қашықтан жұмыс істеу форматына жедел көшті. Қор қызметі бір күн де тоқтамай, барлық зейнетақы қызметтері салымшылар мен алушылар үшін толық көлемде қолжетімді болып қала берді.

Бұдан бөлек, 2021 жылдың басында ҚР «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экономикалық өсуді қалпына келтіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңы қабылданды. Оған сәйкес, азаматтарға зейнетақы жинақтарының бір бөлігін тұрғын үй

жағдайын жақсарту және (немесе) тегін медициналық көмектің келіпді берілген көлемі мен міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға кірмейтін емделуге ақы төлеу, сондай-ақ, жеке басқарушы компанияларға инвестициялық басқаруға беру үшін пайдалануға құқық берілді. Уақыт тығыздығы мен салымшылар арасында үлкен сұранысқа ие болғанына қарамастан, БЖЗҚ өзінің барлық қызметін үздіксіз, өрі жоғары деңгейде ұйымдастырды. Мемлекеттік органдар, уәкілетті оператор, кастодиан банктер, инвестициялық басқарушылар және салымшылармен өзара іс-әрекеттің техникалық, ұйымдастырушылық, ақпараттық мәселелері жолға қойылды. БЖЗҚ сайты мен мобильдік қосымшасындағы жеке кабинетте жеке зейнетақы шотының жай-күйі туралы ақпарат жинақтардың жалпы сомасын ғана емес, жетілдірілген шегі, қолжетімді сома, сондай-ақ, жеке табыс салығын бір рет және кейінге қалдырып бөліп төлеуді ескерген біржолғы төлем сомасы туралы мәліметтерді де қамтыды. Барлығы ЖЗШ үзінді көшірмесінде көрсетілгендіктен салымшының өз бетінше есептеу жүргізуіне болады. БЗТ пайдаланған және пайдаланбаған жағдайдағы болашақ зейнетақы төлемдерінің мөлшерін түрлі сценарийлер бойынша есептейтін зейнетақы калькуляторы жаңартылды. Бұл салымшыларға зейнетақы жинақтарын дәл қазір пайдалану керек пе, өлде оны келешекте зейнетке шыққанда күнкөріс көзі етіп қалдырған жөн бе деген күрделі мәселені шешуге көмектеседі.

Барлық үдерістерді автоматтандырудың арқасында операторлар тарапынан да, БЖЗҚ тарапынан да өтініштер барынша қысқа мерзімде қарастырылды. Егер БЖЗҚ ережесіне сәйкес, өтініштерді орындауға 5 жұмыс күні берілсе де, іс жүзінде ол қысқа мерзімде (1-2 күн) жасалды. Уәкілетті операторлармен бірлесе реттелген үдерістердің арқасында ресімдердің басым бөлігі (тұрғын үй жағдайын жақсартуға және емделуге барлық қажетті құжаттарды ұсыну) уәкілетті оператор тарапынан «Бір терезе» қағидаты бойынша жүзеге асырылды. Инвестициялық портфельді басқаратын компаниялармен де үлкен жұмыстар атқарылды. БЖЗҚ сайтында басқарушы компаниялар туралы қажетті ақпараттан бөлек, ИПБ жинақтарын аудару қызметі де ұсынылды. Санаулы минуттың ішінде Қор салымшылары өз жинақтарын төрт ИПБ-ның біріне аудару алады.

Қорытындылай келе, өткен бес жылда Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы жинақтарын сенімді есепке алу және өрбір салымшыға қолжетімді сапалы зейнетақы қызметін көрсетуді негізгі мақсат пен міндет ретінде ұстанғанын атап өткен жөн. Қор қызметкерлерінің басты міндеті – диттеген мақсатқа жету мен қызметтер сапасын жақсарту болды. Қазіргі уақытта БЖЗҚ 2022-2026 жылдарға арналған жаңа Корпоративтік даму стратегиясын қабылдап, оның шеңберінде бастал-ған жұмыстар мен қызметтерді автоматтандыруды өрі қарай жалғастырып, қызмет көрсетудің белсенді түрін дамытып, салымшылар және алымшылардың Қормен өзара іс-қимыл өркетінде электрондық арналарды өрбір адамның жеке қажеттіліктерін ескере отырып, жетілдіре түсетін болады.

КАК ЕНПФ ПЕРЕВЁЛ 90 ПРОЦЕНТОВ СВОИХ УСЛУГ В ОНЛАЙН?

Пять лет – это относительный небольшой срок, однако Единый накопительный пенсионный фонд в столь сжатые сроки сумел перевести значительную долю своих услуг в онлайн-пространство, руководствуясь потребностями вкладчиков и получателей. Основные направления развития различных услуг ЕНПФ были прописаны в Корпоративной стратегии развития Фонда на 2017-2021 годы и сейчас мы подведем предварительные итоги кропотливой работы наших сотрудников.

Одно из ключевых направлений развития и повышения качества пенсионных услуг, определенных Корпоративной стратегией - это обеспечение равного доступа участников к пенсионным услугам через развитие прямого, электронного и удаленного форматов обслуживания. При этом за прошедшие годы ЕНПФ расширил перечень предоставляемых пенсионных услуг, оказываемых в электронном формате через сайт и мобильное приложение ЕНПФ, портал, мобильное приложение e-gov, обращения через социальные сети и др.

На данный момент свыше 93% услуг ЕНПФ оказываются в удобном и оперативном электронном формате. Как известно, вкладчики и получатели, не выходя из дома, могут буквально за считанные минуты воспользоваться практически всеми сервисами Фонда. Например, на сайте и в мобильном приложении ЕНПФ вкладчики могут в любое время и в любом месте получить выписку с индивидуального пенсионного счета, внести изменения и дополнения в свои реквизиты, получить справку о наличии ИПС, подать заявление о назначении пенсионных выплат в связи с установлением инвалидности 1 или 2 группы бессрочно, а также по добровольному пенсионному взносам, отслеживать статус заявления на выплату и многое другое. Подчеркнем, что из общего количества онлайн-услуг около 70% оказано на сайте либо мобильном приложении ЕНПФ.

В целях развития электронных сервисов и системы дистанционного обслуживания ЕНПФ за 2017-2021 гг. была проведена интеграция с базами данных и информационными системами государственных органов: Министерства цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности РК, Министерства труда и социальной защиты населения РК, Министерства юстиции РК, АО «Казпочта», банков второго уровня и т.д. Таким образом, была проведена работа по предварительной проверке заявлений на выплаты по возрасту; проверке и аутентификация ЭЦП; информированию, отправке односторонних паролей для обслуживания; приему зарегистрированных заявлений на выплаты по возрасту; проверке данных по установленной инвалидности; проверке личных данных граждан, статусов удостоверяющих документов, жизненного статуса; мониторинг и выравнивание процесса взаимодействия с агентами по уплате пенсионных взносов; проверке данных по родственным связям; реализации трансфер-агентского обслуживания и т.д.

Во многом благодаря вышеупомянутым интеграциям, свыше 20% услуг ЕНПФ оказывает в

беззаявительном формате обслуживания. В него входит, к примеру, автоматическое открытие индивидуальных пенсионных счетов по учету обязательных пенсионных взносов (ОПВ), обязательных профессиональных пенсионных взносов (ОППВ) и добровольных пенсионных взносов (ДПВ). Напомним, в случае отсутствия у физического лица в ЕНПФ открытого ИПС, он открывается в информационной системе ЕНПФ автоматически при поступлении первого взноса. При этом идентификация физического лица осуществляется по персональным данным, указанным в электронном формате платежного поручения при перечислении ОПВ, ОППВ или ДПВ. Все необходимые сведения о реквизитах действующего документа и месте проживания вкладчика ЕНПФ как уже сказано получает из информационных систем государственных органов.

Отметим, что часть вопросов вкладчиков и получателей решается благодаря дистанционному обслуживанию. Специалисты Фонда по каналам связи как: Call-центр, «Chat2Desk» (мессенджеры WhatsApp, Telegram, Viber и социальные сети Facebook и ВКонтакте), веб-сайт и мобильное приложение ЕНПФ (сервисы обратная связь, онлайн-консультант, блог Председателя Правления) и т.д., могут легко и доступно решить вопросы по различным темам.

Не стоит забывать и о традиционном очном обслуживании. Многие граждане во время карантинных мероприятий и локдауна хотели получить информацию непосредственно в наших офисах обслуживания, и только ограничения были сняты, как люди пожилого возраста, так и молодежь устремились в ЕНПФ за необходимыми услугами. К слову, помимо 176 офисов обслуживания по всему Казахстану, услуги Фонда можно получить в мобильных офисах (это специально оборудованные транспортные средства, которые обслуживают вкладчиков, отдаленных сел и районов нашей страны), у выездных групп «мобильных агентов», а также в 347 отделениях АО «Казпочта».

Подчеркнем, что во многом благодаря заблаговременно проведенным подготовительным мероприятиям в рамках реализации целей и задач Корпоративной стратегии развития, ЕНПФ продолжил полноценное осуществление своей деятельности и сохранил благоприятные условия труда и оказания услуг для недопущения распространения заболеваемости среди работников и клиентов Фонда. В целом, во время введения локдауна и карантинных ограничений переход на удаленный формат работы в Фонде прошел оперативно. Деятельность Фонда не приостанавливалась ни один день, все пенсионные услуги оставались доступными для вкладчиков и получателей в полном объеме.

Кроме того, в начале 2021 года был принят закон «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам восстановления экономического роста», согласно которому граждане имеют право использования части пенсионных накоплений для

улучшения жилищных условий и (или) оплаты лечения, не входящего в гарантированный объем бесплатной медицинской помощи и обязательного социального медицинского страхования, а также для передачи в инвестиционное управление частным управляющим компаниям. Несмотря на сжатые сроки и востребованность у вкладчиков, ЕНПФ обеспечил бесперебойную и налаженную работу всех своих сервисов. Были отработаны технические, организационные, информационные вопросы взаимодействия с государственными органами, уполномоченным оператором, банками и кастодиами, инвестиционными управляющими и вкладчиками. В личном кабинете на сайте и в мобильном приложении ЕНПФ информация о состоянии индивидуального пенсионного счета включает не только общую сумму накоплений, но и сведения о пороге достаточности, доступной сумме, а также и сумме единовременной выплаты с учетом единовременной и отложенной уплаты индивидуального подоходного налога. Вкладчику не нужно самостоятельно проводить расчеты – все отражено в его выписке с ИПС. Обновлен пенсионный калькулятор, который производит расчеты будущей пенсии в разных сценариях – с учетом изъятий ЕПВ и без изъятия. Это помогает вкладчикам принять не простое, но очень важное решение – воспользоваться накоплениями сейчас или оставить их для использования по прямому назначению – обеспечения жизни на пенсии.

Благодаря автоматизации всех процессов заявления и со стороны операторов, и со стороны ЕНПФ обрабатывались в кратчайшие сроки. Если по правилам ЕНПФ мог исполнять заявления в течение 5 рабочих дней, то на практике это удавалось сделать, как правило, в сроки не более 2-х рабочих дней. За счет отлаженных процессов с уполномоченными операторами большая часть процедур (предоставление всех необходимых документов на улучшение жилищных условий и лечение) осуществлялась на стороне уполномоченного оператора по принципу «одного окна». Большая работа была проведена и с компаниями, управляющими инвестиционным портфелем (УИП). На сайте ЕНПФ не только представлена необходимая информация по управляющим компаниям, но и предоставлен сервис по переводу накоплений УИП. За считанные минуты вкладчики Фонда могут перевести свои накопления одному из четырех УИП.

В заключение стоит подчеркнуть, что основную цель и миссию на прошедшие пять лет ЕНПФ видел в надежном учете пенсионных сбережений и оказании качественных пенсионных услуг, доступных каждому вкладчику, главная задача сотрудников Фонда состояла в достижении поставленной цели и улучшении качества услуг. На данный момент ЕНПФ принял новую Корпоративную стратегию развития на 2022 – 2026 годы, в рамках которой продолжит начатую работу и будет проводить дальнейшую автоматизацию сервисов, развивать проактивный формат оказания услуг, совершенствовать электронные каналы взаимодействия вкладчиков и получателей с ЕНПФ с учетом персональных потребностей.

Қызметтік әдеп нормаларын сақтау – мемлекеттің бейнесі

Халыққа қызмет ететін адамдардың адалдығы және өділдігі, өз жұмысына деген жауапкершілігі, қоғам мен азаматтардың сенімін туғызуы – өрбір мемлекеттің қызметкерінің міндеті. Демек, адамдар арасында осы қызметші туралы дұрыс пікір, оң көзқарас, оған деген айқын сенімділік қалыптасуы қажет. Мұндай сенім мен құрметке жету оңай емес. Бұл үшін бір ғана кәсіби білімділік пен білгірлік жеткіліксіз, одан басқа қызметшінің жеке мінез-құлық мәселесі және бар. Яғни, қызметшінің кәсібилік деңгейі мен жоғары моральдық адамгершілік қасиеттері қатар түру керек. Сондықтан, бүгінгі күні мемлекеттік қызметшінің әдебі мен мінез-құлық мәселелеріне үлкен мән беріледі. Кәсібилік пен әдептілік қосылып, мемлекеттік қызметшінің тұтас имиджін көрсетеді. Халыққа қызмет ететін адамдардың адалдығына және өділдігіне қоғам мен азаматтардың сенімін туғызуға мүмкіндік береді. Мемлекеттік қызметшілердің жұмыс барысындағы басты құралы Әдеп кодексі, ол жауапкершілік жүгін арттыратын, талаптар ауқымын белгілейтін маңызды құжат. Осы орайда, мемлекеттік қызметшілердің тәртіптің жауапкершілігі және қызметтік әдеп мәселелері жөніндегі заңнаманы жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 22 ақпандағы Жарлығымен Қазақстан Республикасы Мемлекеттік

қызметшілерінің Әдеп кодексінің жаңа редакциясы бекітілді. Жаңа Әдеп кодексі қызметтік әдеп стандарттарын белгілейді және мемлекеттік қызметшілердің моральдық-адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға негіз болады және де кодекске жаңа талаптар енгізілді. Кодекстің негізгі бағыты мемлекеттік қызметкерлердің этикалық қасиетін жетілдіру. Одан бөлек, халыққа іс жүзінде нақты қызмет көрсетіп, оның талап тілегіне шыға білу міндеті қойылған. Жаңа кодексте мемлекеттік қызметшілердің әдеп, моральдық әдеп қағидасын жасалған. Яғни ол 6 қағидадан тұрады. Бұрынғы кодексте жаңа бөлек бөлім ретінде қарастырылмаған. Жаңа кодексте бір жаңа бөлім ретінде алып қарастырылып сол жерде ашықтық деген принципті қойған. Себебі мемлекеттік қызметшілер бұл жерде ашықтықты көрсету керек.

Кодекс мемлекеттік қызметшілердің моральдық-этикалық келбетін ғана емес, сондай-ақ олардың өзін-өзі ұстау мәнерінің базалық стандарттарын бекітеді. Мемлекеттік қызметші әдеп нормаларын сақтауға қалыптасуы, Әдеп кодексін оқып, өзін-өзі үйретуі, өзгеден үйренуі және өзгені үйретуі керек. Осы ретте, ұжым арасындағы моральдық-психологиялық ахуалдың жай-күйін мониторингтеу мақсатында жүргізілетін анонимді сауалнаманың пайдасы бар. Біздің басқармада да

осы сауалнаманы Әдеп уәкілінің бекітілген жұмыс жоспарындағы реттілігі бойынша жүргізіледі, соның қорытындысы бойынша қызметкерлердің арасындағы, қызметкер мен басшылардың арасындағы қарым-қатынас, сенімділік, әдеп нормаларын сақтау жағдайлары талқыланып, қандай мәселелерге көбірек көңіл аудару қажеттігіне нақты кеңестер беріліп отырады. Осындай көпшілікпен жасалатын жұмыс ұжым арасындағы өзара қызметтік ынтымақтастықты нығайтуға, қарым қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға және ұжымды қызмет барысында ортақ мақсаттарға жетуге біріктіреді деп ойлаймын. Сонымен қатар, басқарма қызметкерлері арасында жол жүру ережелері, салық төлеуі, ішкідік жүру тағы басқа фактілер мен өкімшілік құқық бұзушылықтарды болдырмау жөнінде семинар өткізіліп, хаттама түріндегі міндеттемелер беріледі.

Мемлекет Басшысының Жарлығымен қолданысқа енгізілген Әдеп кодексі түрлі деңгейдегі мемлекеттік қызметшілер үшін айқын бағдаршам. Ал, оны орындау мемлекеттік қызметшілердің абыройы міндеті. Міне, осындай маңызды міндеттерді сақтап, ұстана отырып, кәсіби мемлекеттік аппаратты құра аламыз.

Т.РЫСҚАЛИЕВ, Ойыл аудандық қазынашылық басқармасының басшысы.



ЖАРАҚСЫЗ ДЕП ТАНЫЛСЫН

«Берік – А» шаруа қожалығының төрағасы А.Исмагуловтың атына берілген 1992 жылы шыққан, мемлекеттік номері 450 Т DCM, техпаспорт № 005407, завод № 385324 МТЗ – 80 тракторының техникалық паспортының жоғалуына байланысты жарықсыз деп танылсын.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабат
Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.
Газетте жарияланған мақала авторының пікірмен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1645 таба. Тапсырыс №519 Көлемі 1 баспа табақ, индексі 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

ТЕМІР МІНЕЗДІ ТҰЛҒА

7 мамырда Егемен Қазақстанның Қарулы Күштеріне 30 жыл толады, оның бастауында Қазақстан армиясының қалыптасуы мен дамуына қомақты үлес қосқан көрнекті мемлекет қайраткерлері мен әскери тұлғалар тұрды.

ҚР Қарулы күштері жоғары қолбасшылығының жарқын өкілдерінің бірі генерал-лейтенант Болат Жанасаев. Әскери қайраткердің өмірлік жолы генералдар мен офицерлердің қазіргі буынына үлгі.

Генерал Б. Жанасаев ҚР ІІМ Ішкі әскері, бүгіндері Ұлттық ұлан басшылығының үнемі аузында жүретін есім. Барлық командирлер өздерін оның шөкірті санайды. Үлкенді-кішілі жиналыста жеке құрамға атақты генералдың сөздері мысалға келтіріліп, басқару әдісі мен айтқан ой-пікірлері қанатты сөздерге айналған. Және тәжірибелі офицерлер генерал-лейтенант Болат Жанасаевтың тұсында қызмет атқарғанын мақтан тұтады. Мұның сыры неде десеніз, айтып өтерлік жайттар көп. Генерал Б.Жанасаев феноменін түсіну үшін оның ғұмырына там-тұмпап үйілгеніміз жөн.

Болат Бақытжанұлы 1952 жылдың 29 сәуірінде Ақтөбе облысы, Темір қаласында дүниеге келген. Адам есімі мен туған ортасы азаматтық тағдырына, жалпы тұлға болып қалыптасуына тікелей ықпал етеді емес пе? Есімі Болат, туған қаласы Темір қаласы болғандықтан ба, кейіпкеріміз тегеурінді мамандықты яғни, әскери саланы таңдауы пешенесіне жазылған еді. Оның әскери адам болу туралы шешімін, ең алдымен, ата-анасы, мұғалімдері мақұлдады.

Әкем - Бақытжан Бейсенбіұлы және анам - Ұрзия Сәрсенбайқызы балаларға барлық жақсылықты үйретті, өмірге қажетті жоғары адамгершілік қасиеттерді үйретті. Осының арқасында біз лайықты адамдар болып өстік, - деп кейіпкеріміз өмірлік таңдауы туралы естелігімен бөлісті.

Мектепті аяқтағаннан кейін, Кеңес Одағының маршалы Конеа атындағы Алматы жалпыәскери командалық училищесіне оқуға түседі. Офицерлер шеберханасы атанған әскери оқу орнында ол болаттай шыңдалып, алмас қылыштай қалыптасады. Саптық және дене дайындығы, қару қолдану тәсілдері, әскери киім кию үлгілері мен өмір сүрлеуінен өткен ұлағатты ұстаздарының берген білімі курсанттық өмірдің ажырамас бөлігіндей болды. «Жігіт жанған от болсын» дейді халық даналығы. Болашақ генерал курсанттық кезінен бастап үлкен үміт ақтайтынын көрсетті. Оның спорттық, мәдени жан-жақты дамуы әскери саладағы болашақ жеңістерінің іргетасы еді. Көп арасында көзге түспеу оның өмірлік ұстанымы емес еді. Керісінше, айналасын түгел қамтып, қоғамдық қатынастарға белсене араласты. Тіпті, қазақ халқының ұлы перзенті Дінмұхаммед Қонаев аталған әскери оқу орнына келген кезде курсанттар арасынан үшінші курс курсанты Болат Жанасаевты қазақ басшысымен тілдесу мүмкіндігіне ие болған. Жалындаған өрен кеңестік генералитет пен ел ағаларының арасында еш қысымстан өз ойын еркін білдіріп, Дінмұхаммед Қонаевпен сұхбаттасыпты. Жас курсанттың өзін-өзі ұстауына, айтқан сөздеріне қазақ басшысы тәнті болғанын көз көргендер жыр қылып айтып отырады. Босқа өткен уақыт аспанға ұшқан бұмен тең. Осыны түсінген болашақ офицердің ер уақытын ұтымды пайдалана білуі - жетістікке жетуінің бір қыры.

Білім жинауға берілген курсанттық кезең аяқталып, жас лейтенант өз өмірінің жаңа сатысына ауысты. Кеңес өкіметі салтанат құрған кезде Отан ұғымының аясы да, алып жатқан аумағы да кең болғаны түсінікті. Жас лейтенантқа бірден туған жерінен алшақтағы Еуропаның төрі саналатын Германияға жолдама берілді. Бұйрықтың аты бұйрық! Отан Ана қайда жіберсе, сонда жол тартасыз. Туған шаңырағынан алшақтық жас офицерді жасқандырған жоқ. Керісінше, оның бойындағы жаңашылдыққа деген қызығушылығын арттыра түсті. Атақты тарихшы Лев Гумилев өз еңбектерінде көшпенділердің жаңа аумақтарды бағындыру құбылысын «пассианарий», ал адамдарды алға тартатын көшбасшыларды «пассианар» деп атаған. Көшпенді жұртының мәдениеті, өмір салты және ғасырлық білімі қанында бар қазақ баласы үшін ел аумағынан алшақта, жаңа белестерді бағындыру таптырмас мүмкіндік. Алғашқы қызмет жолын Германиядағы Кеңес әскерлері тобында взвод, рота командирі, батальон командирінің орынбасарына бастап, кейінде Сібір әскери округында батальон командирінің орынбасары, батальон командирі болып жалғастырады. Киев әскери округында өзін жақсы қырынан көрсеткен сардарды ж.м.в.Фрунзе Мәскеу қаласындағы М.В.Фрунзе атындағы әскери академиясына жібереді.

Көп ұзамай оның мансабында күтпеген өзгеріс болады. Ол бұл туралы былай дейді: «Тағдырдың қалауымен Кеңес заманында мен Ішкі әскерлерге түстім». Әскерлерде ұлтаралық жанжалдар шиеленіскен Одақтың тәртіпті өңірлерінде қоғамдық өмірлікті және қоғамдық қауіпсіздікті қолдау жөніндегі қызметтік-жауынгерлік міндеттердің кеңеюіне байланысты осы өңірлерде жедел максаттағы бригадалар құру туралы шешім қабылданды. КСРО ІІМ Ішкі әскерлер Қолбасшысының бұйрығымен ол жедел максаттағы 100-ші дивизияның 47-ші жедел полкін құруға жауапты болып тағайындалды (Ростов облысы



Новочеркасск қаласы).

Подполковник Болат Жанасаевтың КСРО ІІМ ІӨ Қолбасшысы генерал-полковник Шаталинның кандидатураны тандауы кездейсоқ болған жоқ.

Бір қызығы, бұл уақытта армия генералдары КСРО Ішкі әскерлерінің басында тұрды. Армия офицерлері де жеке құрамалар мен бөлімдерге сөтті басшылық етті.

Сексенінші жылдар аяғында Орта Азия елдерінде тұрақтылықты қамтамасыз ету мәселесі өткір қойылды. Кіндік Азия ұлттарының іштей дербестікке ұмтылуы, тарихи сахнадан өз орнын іздеуі, алып елдердің мүдделерінің тоғысуы осы аймақта саяси-өлеуметтік қиындықтардың пайда болуына себеп болды. Оның үстіне, қызыл империяның құлдырау кезеңі еді. Қара халық былай тұрсын, қорталық тарапынан алып мемлекетті сақтап



қалу, тіпті болмаса ыдырау процесін бейбіт түрде, қансыз, адам шығынсыз жүзеге асыру мақсаты қойылды. Сол жылдары ұлтаралық қақтығыстар орын алып, ортақ үйіміздің әр түкпірінде қақтығыс ошақтары болды. Дәл осы қиын-қыстау уақытта КСРО Ішкі әскерінің Орта Азия мен Қазақстан бойынша жаттығу полкінің командирі лауазымына Болат Бақытжанұлы мол тәжірибесіне сеніп тағайындалды. Қасиетті Құранда «Бір адамды өлтіру - бүкіл адамзатты өлтірумен тең» деген ұлағатты сөзді кездестіреміз. Ал ежелгі Таураатта «Бір адамның өмірін құтқару - бүкіл өлемді құтқару» деп айтылған. Іргесі шайқалған империяның жан-жағын алауыздық оты шарпыған кездері Ішкі әскердің жауынгерлері барынша арағайындық танытып, бейбітшілік миссиясымен қарсыласқан



тараптарды ажыратты. (Бүгінгі Ұлттық ұлан әскері де сол жауынгерлік дүстүрден ажыраған емес -авт.). «Фергана», «Баку», «Таулы Карабах» және тағы басқа оқиғалар кезінде құқықтық тәртіп әскерлерінің арқасында қаншама бейбіт тұрғынның өмірі сақталды. Қаншама азаматтар отбасыларына аман оралып, шаңырақтары шайқалмай аман қалды. Осы аумақта бейбіт өмір қалыптастыруға КСРО, Германия армиясындағы далалық оқу жаттығуларда тәжірибесін шындаған Болат Бақытжанұлы бір адамдай атсалысты. Сардардың үдесінен атан түйкені қайыстырар ерлігін біріміз білсек, енді біріміз білмейміз. Десе де, сол кездегі ерен ерлікті ақ бас тарих өлі де айшықтап береді. Уақыт өте өр жердегі көтерілістердің себебімен алып мемлекет КСРО-ның шаңырағы ыдырап, бірнеше мемлекетке бөлінді. Осылайша, біздің де елде Тәуелсіздік таңы арайлап атты. Өрине егемендік алып, қуаныш сезімі көкірегімізді кернегенмен, еліміздің қоғамдық өмірінде қордаланған көп мәселелер шешімін күтіп тұрған болатын. Соның ішінде еліміздің Қарулы Күштерін қалыптастыру еді.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылы Болат Бақытжанұлының өмірінде де тағы бір жаңа кезең басталды. Ел сенім артып Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданынан Жоғарғы кеңестің 12-шақырылымының депутаты атанады. Жауапкершілігі мол депутат бола

жүріп, егеменді елдің Армиясының іргетасын қалауға бар ынтығасымен кіріседі. Себебі, әскери өмірдің қиын да қызықты сүрлеуінен өткен, тісқаққан офицер болатын. Әскерге қатысты мәселелерді ат үсті қарамай, оңтайлы шешілуін тікелей қадағалап отырды. «Қазақстан Респубикасы Қарулы Күштері туралы», «ҚР ІІМ Ішкі әскерлері туралы», «ҚР ҰҚК Шекара қызметі туралы», «Әскери қызмет және әскери қызметшінің мәртебесі туралы» Заңдары және тағы да басқа заңдардың жобасын жасап, қабылдануына үлесін қосқан болатын. Әскерге қатысты кез-келген мәселенің басы-қасында жүрді. Қоғамдық мәселелерге белсене араласып, өзінің пікірін батыл білдірді. Қандай да бір шешімі шыырланған проблеманың шешімін таба білу азық етеді, оны үлкен мінберден жетесін жеткізе өткір айта білді. Осы тұрғыдан келгенде кейіпкеріміздің қайраткерлік қырлары айқын көрініп тұр.

Әскеріміздің құжаттамалық негізі қаланғанымен өлі де іске асыру жағы ақсап тұрған болатын. Жалпы, халықтың жағдайымен бірге әскерилердің де жағдайы көңіл көншіпейтін деңгейде еді. Сөзден іске кірісу уақыт талабы. Болат Бақытжанұлы қай салада болмасын өзінің іскерлігімен дараланған тұлға. Қатарынан озық шыққан дара тұлғаға 1994 жылы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Ішкі әскердің тізгінін сеніп тапсырады. Ол туралы кейіпкеріміз былай есіне түсіреді.

1994 жылы Парламент отырысына Елбасы келді. Өлі есімде мені өзінің қасына шақырып алып, қолында ұстап амандасты. Мені терезеге жақың жаққа жеке өзімді аларды және өзінің сенім айта келе «Мен саған Ішкі әскердің Қолбасшысы болуды



ұсынамын. Келісесіз бе?», - деп көзі тұра қарап сұрақ қойды. Мен «Өрине, иә», - деп нық сеніммен жауап бердім. Содан кейін «қайда боласыз?», -сұрақ қойды, мен «Өз кабинетімде боламын» деп жауап бердім. Түстен кейін Үкіметтік байланыс арқылы Елбасы маған телефон соғып, мені тағайындауға қол қойғанын айтты, - деп өз ойымен бөлісті.

Міне, содан бергі өмірі құқықтық тәртіп әскерімен етене байланысты болды. Елбасы Н.Назарбаев жаңа тағайындалған ведомств бақышының алдына нақты тапсырмалар қойды. Елдегі экономикалық қиындықтарға қарамастан жауынгерлердің рухын көтеру соның негізгісі болды. Мемлекеттің қорғаныс өлеуетінің жағдайы Ішкі әскермен тікелей байланысты болғандықтан, ең алдымен жауынгерлік даярлыққа

тұрып кетуіне ұшан - теңіз үлесін айтып жеткізу мүмкін емес. Жауынгерлердің тамақтануы мен жаңа ғимараттарды салу секілді үлкенді-кішілі мәселелердің шешілуіне атсалысты. Қандай істі қолға алмасын соңына дейін жеткізуге бар ынтығасымен кірісті. «Мүмкін емес» деген сөз тіркесі генерал-лейтенант Б.Жанасаевтың сөздігінде болмайтын. Сондықтан болар, «Жанасаев келеді» дегенді естіген кез-келген әскери бөлім алдына жарты жыл уақыт салып, Қолбасшыларының сапарын күтетін. «Көз қорқақ, қол батыр» демекші, шешіле кіріскен кез-келген істі нәтижемен аяқтауы қол астындағылардың да сенімін арттыра түсті. Жеке құрамның жүректеріне жалын отын тұтату қасиеті нағыз сардарға бұйырған. Американың өгілі ғалымы, ізденімпаз Д. Карнеги «Егер адам осыны істесе, барлығына қол жеткізеді, істемесе, ештеңеде жасай алмайды» — деп айтқан болатын. Ол не десеніздер? Ол - «Сенімділік, өзгелерге өзіне сенім ұлата білу» деп жауап берген. Біздің кейіпкеріміз өзін сенімді, өзгені де сендіре алатын тұлға. Өрине, экономика бірегей сала, өйтсе де негізгісі емес. Қаражаттың күшімен ақымдақтың да қолы айға жетер. Ал біздің кейіпкеріміз сол кезде ел қазынасынан бөлінген қаржыны онды-солды шашпай, орнықты жұмсап, заманауи әскери бөлімдердің қалыптасуына ықпал етті.

Ең бастысы - әскердегі жеңімпаз рухты қалыптастыру. Рухы мығым әскердің алдында алынбайтын қамал болмайды. Ішкі әскердің қызметі күрделі кездерде оны қолына алып, биік деңгейге көтеру тек іскер, еңбекқор, батыл, елжанды және темір мінезді тұлғалардың қолынан келер.

2000 жылы генерал-лейтенант Болат Жанасаев басқа да лауазымды қызметтерге ауысып, абыройлы қызметін жалғастырды. Десе де, Ішкі әскер, бүгінгі Ұлттық ұланның тарихында өшпес із қалдырды. Өміріндегі жеңісі мен жетістігінің бір парасында болды. Бұған дейін ҚР Президенті оған мемлекеттік маңызы бар шұғыл міндет - Республикалық ұланды құруды жүктеді. 1992 жылы наурызда Жарлықтан кейін Қазақстанның бірінші Қорғаныс министрі армия генералы Сағадат Нұрмағамбетовпен бірге Ішкі әскерлердің жедел бригадасы базасында Республикалық ұлан құруға кірісті.

Құрылғаннан кейін сегіз жыл өткен соң генерал Болат Жанасаев - салтанатты рәсімдерді орындауға қатысуға, Мемлекет басшысының және өзге де күзетілетін адамдарды қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, аса маңызды мемлекеттік объектілерді күзетуге арналған, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын құрылған арнайы әскери құралымды білдіретін Республикалық ұланның Қолбасшысы болды.

Содан кейін - «Шығыс» өңірлік қолбасшылығы әскерлерінің қолбасшысы лауазымына тағайындалуына байланысты ҚР Қарулы Күштеріне көшу (2003 жылы қыркүйек) ауысып, абыройлы қызметін жүзеге асырды.

Кейіннен оған Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрінің орынбасары лауазымында қажырлы жұмыс күтіп тұрды. Қорғаныс министрлігінде ол өзінің парламенттік заң шығару қызметінің нәтижелері Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін құру мен қалыптастыруда баға жетпес рөл атқарғанын іс жүзінде сезінді.

Бүгіндері дарабоз тұлға еліміздің маңдай алды компанияларының бірінде ел игілігі үшін еңбегін ері қарай жалғастырып келеді.

Иә, өмір шымдамдыларды ұнатады. Батыстың пірөдар ғалымдары қанша жерден «армандай білу» туралы айтса да, жетістікке жетудің бір жолы - ұзақ уақыт бойы халыққа қалтқысыз қызмет ету екені өмір дәлелдеген аксиома. Сондықтан, қазіргі ескеңел ұрпаққа теңіздің арғы бетінен «данагөйлерді» іздеміз, өз аразымызда жүрген нар тұлғалы ерлерден үлгі ала болғаны. Ал, генерал-лейтенант Болат Жанасаевтың ғибратты ғұмыры осыны дәлелдеп тұр.

Құрметті демалысқа шыққаннан кейін генерал Қарулы Күштермен, Ұлттық ұланмен, Мемлекеттік күзет қызметімен және өзінің туған білім ошағына айналған С. Нұрмағамбетов атындағы Құрлық әскерлерінің әскери институтымен, бұрынғы АВОКУ-мен, сондай-ақ ардагерлермен және куралас достарымен байланысын үзбеді. Керісінше, қолы босағанда барлығымен етене араласып, бауырндай болып кетті.

«Ұяда не көрсен, ұшақанда соны ілерсің», - демекші, Болат Бақытжанұлының балалары да лайықты азаматтар болып өсті. Әр қайсысы қоғамда өздерінің орнын тапты.

Жүрегінің қалауы бойынша Отан қорғаушы мамандығын таңдаған Болат Бақытжанұлы Жанасаевтың өмір жолына қарасаң, лейтенанттан - генерал-лейтенантқа, звод командирінен - ҚР ІІМ Ішкі әскерлерінің Қолбасшысы, Қорғаныс министрінің орынбасарына дейін өткен талайға толы қызмет жолын байқауға болады. Ол қазақстандық әскердің, еліміздің басқа да әскерлері мен ескер түрлерінің қалыптасуы мен дамуына үлкен үлес қосты. Жетпістің биігіне жеткен кейіпкеріміздің замандастары мен өріпестерінен еліне елеулі еңбек еткен азаматқа деген құрметті байқау қиын емес. Әскери ортада бөделі үлкен. Алматы облысы Еңбекші қазақ ауданы, Ақтөбе облысы Қандағаш қаласының құрметті азаматы атанған Болат Бақытжанұлы Жанасаевтың 70 жылдық мерейтойымен біз де шын жүректен құттықтаймыз!

Өлібек СЕРӘЛИЕВ, ҚР Ұлттық ұланы Бас қолбасшысының орынбасары, генерал-майор.

Тұрғындардың талап-тілегін тыңдады



Бекітілген жоспарға сәйкес өткен сейсенбі аудан әкімі Асқар Қазыбаев Екпөтал елді мекені тұрғындарымен кездесті. Аудан әкімі Екпөтал елді мекені бойынша атқарылған жұмыстарды кезең-кезеңімен баяндай келе, ауылдың негізгі мәселелері бойынша кеңірек мәлімет берді. Сәуір айының басында қардың күрт еруі, сондай-ақ өзеннің тасуы тұрғындарды біраз өбiрге салғаны рас. Сол кезеңде күнi-түнi дамыл көрмей еңбек еткен ауылдың ерікті азаматтарына алғысын білдірді. Кездесуде аудан басшысы ауылда мал шаруашылығын дамыту керектігі туралы баса айтты және оған мемлекет тарапынан берілетін көмектерді түсіндіріп өтті. Кәсіпкерлік саласын жандандыруды да алға тартты. Әсіресе, тұрғындарға ауылда бау-бақша көлемін ұлғайтып, ет, сүт өнімдерін көбейтіп сатуды ұсынды.

Ал тұрғындар ауылдың кейбір көшелеріне жарық шамдарын қоюға ұсыныс жасады. Тағы бір мазалайтын мәселе - жолдың жағдайы. Сонымен қатар, Жаңабаз ауылымен арадағы бір жарым шақырымдық жолға электр шамдарын қоюды ұсынды. Өйткені, сабақтан кеш шығатын балалар үшін бұл қиындық туғызып отыр. Ауыл тұрғыны Жәнібек Жұмабеков «Дипломмен ауылға!» бағдарламасы арқылы жас мамандардың үй алуы үшін жаңадан тұрғын үйлер салына деген ұсыныс білдірсе, Қайрат

Бекетаев ауылдағы дамбыны қоршап беруді сұрайды.

Кездесу түстен кейін аудандық мәдениет үйінде жалғасты. Мұнда аудан басшысы ауданға қатысты жұмыстарды баяндай келе, тұрғындарды ауылдың тазалығына баса мән беруге шақырды. Ойыл селосы тұрғындарының негізгі көтерген мәселелері көше жолдарының жайы. Сонымен қатар көгілдір отынды түгелге жуық кіргізіп алған тұрғындар құл-қоқыс полигонының жайын көтерді. Былтыр полигонның төңірегі тазартылып, қалыпқа келтірілді. Ал, Ойыл селолық округінің әкімі Сәндібек Дәулетқалиев Ойылдың басты мәселелерінің бірі - қоғамдық табынның бақташысы екенін де жасырған жоқ. Сондықтан да, бос мал - иесінің ғана емес, биліктің де «бейнеті» болып отыр.

Жиында Асқар Қайырғалиұлы аудан тұрғындарының өл-ауқатын арттыру бойынша нақты тапсырмалар беріп, ауылдық округ әкіміне тиісті мекеме басшыларымен бірлесе отырып, көтерілген өзекті мәселелер бойынша жұмысты күшейтуді тапсырды.

Р.С. Аудан әкімінің кездесу жыйынының соңында тұрғындардың жекелеген сұрақтары бойынша сала басшылары қабылдау өткізді.

Гаухар АЛЕКСЕЕВА, Ойыл-Екпөтал-Ойыл.

ӨНЕРЛІ БАЛАЛАР ЖЕҢІСІ



Жуырда облыстық «Я Талант» республикалық байқауында ауданның талантты балалары бірнеше жүлделі орындарды жеңіп алып, аудан мерейін үстем етті. Байқауда аудандық музыка мектебінің оқушылары топ жарды. Тарқатып айтсақ, жас ерекшелігі бойынша талантты оқушылар өн, хореография, қобыз-домбыра номинациялары бойынша бақ сынады.

Домбыра класы бойынша Алина Ернияз бас жүлдені жеңіп алса, Ақбөкен Асхатқызы, Инабат Шериязова жүлделі І орынды иемденді. Сонымен қатар өн сайысы

бойынша Нұрсезім Кеңес «Бас жүлде» алса, «Әдемі ай» тобы «Қазақстан - егемен елім» өнін орындап І-орынға ие болды. Қобыз номинациясы бойынша Дана Антонқызы І орын, Аяулым Мақсатқызы, Құндызай Ғалымқызы ІІ орынды иеленді. Ал, домбыра номинациясы бойынша «Үкілі домбыра» ансамблі халық күйі «Келіншекті» орындап І орынды жеңіп алды.

Осы сәтте оқушыларды өнерге баулыған жетекшілері Муратхан Таңатарұлы, Бұлбұл Шәуєтєнова, Назгул Төрешоваларды шөкірттерінің жеңістерімен құттықтаймыз.

РӘМІЗДЕР МЕРЕЙТОЙЫНА ТАРТУ



Әрбір тәуелсіз мемлекеттің тұңғыш қадамы өзінің Туын, Әнұраны мен Елтаңбасына иелік етуден басталады. Міне, біздің көк байрағымызды желбіретіп, Әнұранымызды асқақтата шырқап, Елтаңбамызмен әлем елдеріне танылып келе жатқанымызға быыл 30 жыл толады.

Айтулы мерекеге орай аудан спортшылары ауызбіршілігін паш етіп, футболдан ұйымдастырылған аудан біріншілігіне айрықша атсалысты.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерінің 30 жылдығына орай жастар арасында шағын футболдан аудандық турнирге 9 команға қатысты. Қарай, Сәрибе, Қайыңды, Ойыл ауылдық округтерінен бір-бір командалан келсе, «Көкжар», «Қайрат», «Полиция», «Ұстаз» және «Ақтөбе

ЛФК» командалары өзара бақ сынасты. Теңбөліп дүртте қарсыластық қақпасына кіргізуге асыққан командалар тартысты ойын көрсетті. Турнирдің ақтық ойыны көрермендер көңілінен шығып, жарыс қорытындысы бойынша ІІІ орын Ойыл ауылдық округінің командасына бұйырса, ІІ орынды Ұстаз командасы еншіледі. Ал, І орынға Ақтөбе ЛФК командасы ие болды. Сонымен қатар Ойыл ауылдық округі командасының ойыншысы Досымжан Қабдуахит турнирдің «Үздік ойыншысы» атанса, Ұстаз командасының ойыншысы Нұрлыжан Мұқашев «Үздік қорғаушы» деп танылды. Ақтөбе ЛФК командасының мүшесі Нұрқасым Бүркітбаев «Үздік қақпасы» атанып, көрермендер мен жұлгерлерге естелі сыйлықтар табысталды.

Өз тіліміз.